

Бекітемін,
Маңғыстау облысының білім басқармасының
Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Бейнеу» санаториялық бөбекжайы»КММ-сі
директоры м.у.а.  Р.Нуртаева
« 31 »  2021ж

*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке
дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына
арналған бейнелеу маманының II кіші «Таңшолпан» тобының ұйымдастырылған
қызметтің перспективалық жоспары*

Дайындаған: Қанжарова Ә.

Топ: II кіші (Таңшолпан)

Балалардың жасы: 2 жасар.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2021-2022 оқу жылы.

айы	Ұймдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Сурет салу	Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, көлденеңнен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай тізу сызық жүргізуді үйрету, саусақ қол қимыл қозғалыстарының икемделіктерін дамыту. Қарындашты үш саусақпен дұрыс отырып, сәл жоғары жоғары, жоңарыдан төменге ұарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізді үйрету. Балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетке бере білуге үйрету.
Қазан	Сурет салу	Балаларға алақанмен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету. Саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын үйрету. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу Қылқаламмен таныстыру, сүйкеп жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету; қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ата-аналармен бірлесе отырып алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету. Негізгі түстер туралы білім беру. Фломастерді дұрыс пайдалана отырып тік, ирек сызықтар сызып үйрету. Саусақ бұлшық еттерін дамыту.
Қараша	Сурет салу	Езілген бояуды жүргізу арқылы, қағаз бетін толық үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту Оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру. Қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту. Саусақ икемдерін дамыту.
Желтоқсан	Сурет салу	Жаңа жыл мейрамына байланысты берілген суретті жалғастырып, саусақтармен таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету. Қағазға саусақпен дақ түсіруді үйретуді жалғастыру,

		бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Жануарлардың іздерін қарға түсіріп, саусақтың бұлшық еттерін дамыту
Қаңтар	Сурет салу	Қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру, қарындашпен үзбей сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру.Саусақтарының қоғалыстарын және икемділігін дамыту Балаларға қыс мезгіліндегі ерекшеліктер туралы түсініктерін кеңейту.Ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру. Жануарлар туралы балаларға түсінік беру.Олардың ізін салып үйрету. Қыс мезгіліндегі аңдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу
Ақпан	Сурет салу	Машина туралы түсініктерін кеңейту.Машинаның дөңгелегін тығын салу арқылы үйрету.Балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту. Балаларға моншақ туралы түсінік беру. Саусақ немесе бастырма арқылы моншақтар сурет салуға үйрету Фломастермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруге үйрету. Ойын тәсілдері арқылы ой қиялдарын дамыту.
Наурыз	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Қылқаламмен немесе саусақ арқылы дөңгелей пішіндермен безендіруге үйрету. Түрлі-түсті бояуларды пайдаланып текеметті безендіруге үйрету.Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін дамыту.
Сәуір	Сурет салу	Балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін, ой-өрісін, қиялын дамыту.Қолөнер шеберліктерін жетілдіру. Кеңістікті бағдарлай отырып үзік сызықтарды салу дағдыларын бекіту. Балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйрету.Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру Балаларды егістікке өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу біліктіліктерін жетілдіру
Мамыр	Сурет салу	Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету.Саусақ бұлшық еттерін , қол қимыл-қозғалыс икемдерін дамыту.

		Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды үйрету. Балаларды дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерді саусақпен салуға және өз жұмысының нәтижесінде қызығушылықпен қарауға үйрету. Құммен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
--	--	---